

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

**"Қызыл телпек"**ЖАРИЯЛАНДЫ  
15.08.2024СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/161159/**ҰІӘ тақырыбы: «Қызыл телпек» ертегісі****Автор: Махатова Гүлжан Бәйтемірқызы****балабақша тәрбиешісі, жоғары білімді, «педагог-сарапшы»****Мекеме атауы: «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Балапан» бөбекжай балабақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны****e-mail поштасы: makhatova.gulzhan@mail.ru**

Күні	09.12.2022 ж	
Тәрбиеші	Махатова Гүлжан Бәйтемірқызы	
Тобы	Ортаңғы «Ботақан»	
Бағыты	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Сөйлеуді дамыту (кіріктірілген: көркем әдебиет, математика негіздері, сурет салу, жапсыру, музыка)	
Тақырыбы	«Қызыл телпек»	

<b>ҮІӘ міндеті</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>· Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту.</li> <li>· Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, ертегіні тыңдай білуге, суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту.</li> <li>· Балалар геометриялық фигуралар: үшбұрыш, шаршы, дөңгелек пішінді атай отырып, киімнің бөлігін тауып сәйкестендіре білу.</li> <li>· Сурет салу кезінде фломастерді, ермексазды дұрыс пайдаланып, қызыл, сары, жасыл негізгі түстерді қолдану.</li> <li>· Жапсыруда табиғи материалдарды қолдану, ересектер дайындаған элементтерді қағаз бетіне орналастыру.</li> <li>· Музыкамен жүруді ырғақты орындау, бірінің артынан бірі жүруге үйрету.</li> </ul>	
<b>Ресурстары</b>	Қуыршақ театры, (алжапқыш, қуыршақтар), «Сиқырлы кітап», «Бөлігін тап», «Қызыл телпектің қалпағы», «Түсін тап», «Қандай кейіпкер?», «Паравоз» ойындары.	
Күтілетін нәтиже	<p>Кітаптағы суреттерді қарастыра отырып, сұрақтарға жауап береді, оларды жай сөйлемдермен сипаттайды. Әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдайды, түсінеді. Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлілігін оларға еліктеп, жеткізеді.</p> <p>Ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді, атайды.</p> <p>Жаңаны тануға ұмтылады, заттарды қызығып, қуанып зерттейді.</p> <p>Негізгі түстерді дұрыс атайды, сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық танытады. Ересектер даярлаған желімді қағазды орналастырады, желімдейді.</p>	
Өткізілу барысы		

Балалар, бүгін сендерді сиқырлы бөлмеге апарамын. Сендер сиқырлы бөлмеге барғыларың келеді ме?  
Онда канекей сиқырлы бөлмеге пойызға мініп барайық, жарай ма?

«Пойыз» ойыны.

Шарты: балалар бірінің артынан бірі қатарласа тұрып, «Паравоз» әнін бірге айтып, сиқырлы бөлмеге барады.

«Қызыл телпек қыз» ертегісі. Балалар ертегіні (қуыршақ театры, алжапқыш арқылы) тамашалайды, тыңдайды.

«Сиқырлы кітап» ойыны.

Шарты: Балалар дайын жасалған қағаз фонар арқылы кітаптан ертегіні тамашалап қарайды, ертегі желісі бойынша сұрақтарға жауап береді.

«Бөлігін тап» ойыны.

Шарты: балалар қызыл телпектің киімінің бөлігін пішіндер арқылы тауып, пішіндерді атай отырып сәйкестендіреді.

«Түсін тап» ойыны.

Шарты: қызыл телпектің киімінің жыртылған жерлерінің түсін тауып, ермексазбен, фломастермен жамап бояйды.

«Қызыл телпектің қалпағы» ойыны.

Шарты: қызыл телпектің қалпағын желімді қағазбен қысқышты пайдалану арқылы жапсырады.

«Қандай кейіпкер?» ойыны.

Шарты: кленкаға салынған ертегі кейіпкерлерін жарықтың көмегімен ертегі кейіпкерлерін тауып зерттейді және атайды.

«Қошатыр» ойыны.

Шарты: қолшатырда жапсырылған ертегі кейіпкерлерін атап, сұрақтарға жауап береді.

«Қандай кейіпкер жасылыды?» ойыны.

Шарты: кейіпкерлерді атап, жасырылған кейіпкерді табады.

Қызыл телпектің суретін балаларға үйде бояп келуге боямақтар береді.

Соңында балалар еркін ойындар ойнайды.

**КМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.